

«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында өткізілетін
Ата-анамен жұмыс жоспары.**



2023-2024 оқу жылы

Бекітемін:
Мектеп директоры:  М.Дуйсеев



«№8 жалпы білім беретін мектебі» кзм
2023-2024 оқу жылына арналған ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

№	Атқарылатын жұмыстардың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I Жиналыс	Ата-аналар комитеті отырысы. 1.Ата-аналар комитетінің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыс есебі. 2.Ата-аналар комитетін қайта сайлау, жаңа оқу жылына жоспар бекіту. 3.Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу. 4.«Мектепке барар жол» акциясын өткізуді жоспарлау. 5. «Сунцид тығырықтан шығар жол емес» 6. Қамқоршы кеңестің №56 бұйрығын таныстыру	Қазан	Ата-аналар комитетінің төрағасы Мектеп директоры М.Дуйсеев ДТЖО К.Доспаева Әлеуметтік педагог Ералханова А Психолог Бекзатова
II Жиналыс	Ата-аналар комитеті отырысы 1. 1- жарты жылдық қорытындысы, оқу үлгерімі 2.Ыстық тамақпен қамтылуы туралы. 3.Жұқпалы аурулардың алдын алу 4. Жасөспірімдердің ерте жыныстық қатынасқа түсуінің ұмтылуының алдын алу.	Желтоқсан	Ата-аналар комитетінің төрайымы ДОДЖО Психолог Әлеуметтік педагог Мектеп медбикесі
III Жиналыс	1.«Отбасындағы жасөспірімдердің тәрбиесінде кездесетін тәрбие түрлері » тақырыбында дөңгелек үстел басында ата-аналармен әңгіме өткізу. 2.«Отбасым-менің трегім» ата-аналар арасында сайыс өткізу.(5-7 сыныптар арасында)	Қаңтар	Психолог Педагог ұйымдастырушы Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі
IV Жиналыс	Ата-аналар комитеті отырысы 1.«Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тренинг 2.Оқушылардың мектеп айналасында және мектептен тыс аймақтарда тәртіп сақтау ережелерін қатаң қадағалау жұмыстарын жүргізу. 3.Әлеуметтік деңгейі төмен оқушыларын білім қорынан көмек көрсету туралы. 4. тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	наурыз	Ата-аналар комитетінің төрағасы Мектеп психологі ДТЖО Әлеуметтік педагог Оқу ісі жөніндегі орынбасары
V Жиналыс	Ата-аналар комитеті отырысы 1.Оқушылармен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы серіктестігі. 2. 2023-2024 оқу жылындағы мемлекеттік емтиханға дайындығы туралы. 3. тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	Сәуір	Ата-аналар төрайымы Мектеп директоры ДТЖО Оқу ісі жөніндегі орынбасары
VI Жиналыс	Ата-аналар комитеті отырысы 1.Ата-аналар комитеттерінің жылдық жұмыстарын қорытындылау. 2. Оқушылардың жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру. 3. Мектеп бітірушілердің ҰБТ-ға дайындығы 4. тоқсан оқу қорытындылары 5. 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу сапасының көрсеткіші	Мамыр	Ата-аналар төрайымы ДТЖО Оқу ісі жөніндегі орынбасары

ДТЖО:  Доспаева К

«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Ата-аналар жиналысы.

Тақырыбы:

**Балалар қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты
зорлық- зомбылықтың
алдын алу**

Баяндама



**«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ
жалпы ата-аналар жиналысының
хаттамасы №1**

17.10.2023 жыл

Төрағалық еткен: М. Дүйсеев – мектеп директоры
Қатысқандар: Ата-аналар -43, сынып жетекшілер -13,
Өткен жері: акт залы

Күн тәртібінде:

1. Ата –аналар комитетінің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыс есебі.
2. Ата-аналар комитеті құрамын қайта сайлау, жаңа оқу жылына жоспар бекіту
3. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық- зомбылықтың алдын алу
4. «Мектепке барар жол» акциясын өткізуді жоспарлау
5. «Суншид-тығырықтан шығар жол емес»
6. Қамқоршы кеңестің №56 бұйрығына сәйкес үміткерлер тізімін анықтау.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша мектеп директоры М.Дүйсеев: Жаңа оқу жылының міндеттері мен өткен оқу жылына шолу жасап өтті. Өз сөзінде мектептегі оқу жағдайындағы жаңалықтар, соның ішінде жаңаша оқу бағдарламаларының орын алып жатқандығын толыққанды атай отыра ата-аналармен бірлесе отырып жұмыла көтерген күш-жігер дегендей биылғы жылы оқу жағдайына көп күш жұмсау керектігі толыққанды айтылды.

2-ші мәселе: Ата-аналар комитетінің төрағасы А.Абдукаримов: Өз сөзінде мен бытырдан бері яғни 2022-2023 оқу жылы бойынша мектептің барлық іс- шараларына қатысып көптеген жұмыстарына араластым. Өрине мектептің ішкі және сыртқы жұмыстарынан тыс қалған жоқпын. Сонау 1 қыркүйек –Білім күнінен бастап бүгінгі күнге дейінгі жұмыстарды атап өтті.

1.Мектепте аз қамтылған оқушыларды анықтау жұмыстарына ата-аналар комитетінің төрағасы ретінде комиссия мүшесі ретінде араластым. Әлеуметтік педагог және сынып жетекшілерінің мәліметіне сүйене отырып аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылардың да аз емес екенін анықтадық.

2.Мектепте көптеген даталы күндерге арналған іс-шаралар өткізіледі екен, жақсы, көңіл толтырарлық жағдайда.

3.Мектеп оқушылары арасында Төлеби аудандық ішкі істер бөлімінде тұрған оқушылар жоқ.

4.Мектептің жазғы ремонт кезіндегі мәселеге келетін болсақ, мектеп – күрделі жөндеу(асхана) жұмыстарынан өткен деп атқарылған жұмыстарына есеп берді.

3-мәселе : Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау ұсынылды. Ата-аналар комитетінің төрағасы мен мүшелері қайта сайлансын деген ұсыныс бойынша , ата-аналар комитетінің төрағасы Алматы қаласына көшуіне байланысты орнына Ембаева Динара сайланып, оның мүшелері :

1.Леснекова К

2.Алтаева Л

3.Ташимбетов Б

4.Жарылқап Лесқұл

5.Умарбекова Гаухар

6.Татыбаева А

7.Жакипова А

8.Сапиев М

9.Турсынбаева М

10.Мелеуова Д азамат, азаматшалар сайланды. Ұсыныс бір ауыздан дауыс алды.

4- мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Доспаева:

Құрметті ата-аналар! Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыруға байланысты айтатын болсақ,

1.Қазіргі кезде елімізде жасөспірімдер мен кәмелеттік жасқа жетпеген балалар арасында зорлық - зомбылық, қорқыту, ұрлау, бала еңбегін қанау оқиғасы көбейіп кетті.Түрлі зорлық- зомбылықтың алдын алу мақсатында мен сіздерге қауіп –қатердің алдын алу бойынша қорғану, сақтану үшін кеңес бергім келеді. Егер сен бір жерлерге барғың келген жағдайда, ата-анана қайда баратының туралы үнемі айтып отыр. Таныс емес адамдардан сыйлық алма. Егер біреу сені өзімен бірге еріп жүруді сұраса, ата –ананың келісімін ал. Егер қорықсан адамдарға қарай жүгір. Өз мәселенді бөтен кісілермен бөлісуші болма, Ешкімге есік ашпа

«8 жалпы білім беретін мектеп» КММ

- **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ашылуы**



Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы –

ата-аналар қауымын, отбасын нығайтуға, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді және балалардың заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған, білім алушыларды тәрбиелеу, дамыту және оларға білім беру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.



Мақсаты: Позитивті ата-ана болу мәдениетін дамыту арқылы мектебіміздің балаларының әл-ауқатын қамтамасыз ету



Міндеттері:

Ұлттық құндылықтар негізінде ата-аналарға жүйелі білім беруді ұйымдастыру
Қазақстанның бақытты және табысты азаматтарын тәрбиелеу
бойынша ата-аналардың құзыреттілігін дамыту
Позитивті ата-ана болу мәдениетін дамытуда әлеуметтік серіктестердің күшін біріктіру

- Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс барысымен таныстыру



Мектеп директоры М. Дуйсеев
орталықтың ашылу
мақсатымен таныстыруда



ДТЖО К. Доспаева
орталықтың жылдық
жоспарын талқылауда



№8 ЖББМ сынып жетекшілеріне
орталықтың жұмысы туралы
түсіндірме тренингі өткізілді



Ата-аналарға бала
тәрбиесіндегі орталықтың
маңызы баяндалды

БҰЙРЫҚ

16.10.2023 ж.
Ленгер қаласы

ПРИКАЗ

№140
город Ленгер

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысын ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру» туралы

Облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 4 қазандағы №40-01-04/7355 санды хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «2023-2024 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» және Төлеби ауданының білім бөлімінің 16.10.2023 ж күнгі №228-18/07-04/2119 хатын негізге ала отырып, «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша» оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамыту, отбасы мен мектеп арасындағы іс-қимыл және қарым-қатынасты нығайту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін.

- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына: ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету; Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.
 - Директордың шаруашылық меңгерушісіне: Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін.
 - Мектеп кітапханашысына: педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.
1. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен және шығармашыл педагогтер арасынан Орталық қызметін қамтамасыз ететін жұмыс тобы құрылып, құрамы бекітілсін.
 2. 2023-2024 оқу жылына Орталық сабақтарының Бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

161206, Туркестан қаласы, Жаңа қала мәңгі әулеті, №12 көше;
т/с: 8 (72533) 5-94-38, факс: 5-94-48, ММ ақша 5203001,
БНБ КСМРК22А, ИИН КЗ42970122КЗ5700000, КДН 140240017052,
Туркестан облысы бойынша ҚР ҚМ "Азаматтық қатынастар" ММ

161206, м/рн Туркестан, м/рн Жаңа қала, 12000 7032
т/с: 8 (72533) 5-94-38, факс: 5-94-48, м/рн 1203101,
БНБ КСМРК22А, ИИН КЗ42970122КЗ5700000, КДН 140240017052,
ТУ "Әлеуметтік қатынастар" ла Туркестан облысы АҚ ММ РК

№

№ исх: 42-01-11/7629 от: 18.10.2023
18.10.2023-ғы № 42-01-11/7629 шығыс хаты

Аудандық, қалалық білім
бөлімдерінің басшыларына

Облыстық білім беру
ұйымдарына

Облыстық білім беруді дамыту
орталығына

Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының 2023 жылғы 2 қазандағы №01-02/296 хаты негізінде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы (Бұдан әрі-Орталық) қызметін түсіндіру мақсатында барлық өңірлерге «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық» және «Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар жолданған.

Барлық аудандық, қалалық білім бөлімдеріне қарасты мектептерде, облыстық білім ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылған.

Осыған орай, ағымдағы жылдың 20 қазанына дейін, төменде берілген кестеге (Microsoft Excel) сәйкес, білім беру ұйымдарында Орталықтың құрылуы туралы ақпаратты 4517673@mail.ru электронды почтасына жіберулеріңізді сұраймыз.

Қосымша: 3 бет

Басшының орынбасары

А.Садыкова

Оспанова.К
872533-5-94-38

**«ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКТЕСІ**



Государственное учреждение
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ТОЛЕЙСКОГО РАЙОНА»

161100, Питербург, Троицкий канал, №203
телеф. 8 (7052) 3-99-113. МРМ (ссылка: 00407710)
БСН 60407710/1/1. БСН 60407710/1/2 (БСН 60407710/1/3)
БСН 60407710/1/4
«Троицкий канал» - крупнейший канал в Питербурге. МРМ

LC 12-2023- No. 229-18/08-04/2415

[illegible]

Түркістан облысының білім басқармасының 04.10.2023 жылғы №40-01-04/7355 хаты негізінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшелігі туралы» әдістемелік нұсқау хатын, «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулықты» жұмыс барысында басшылыққа алу үшін жолдайды.

Қосымша: 308 бетте

Бөлім басшысының м.а.



Б.Тойлыбаев

Орындаған Н.Қырбасов
Тел 87014699536



Мектеп директоры:  М. Дуйсеев

« №8 жалпы білім беретін мектеп » КММ

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметін ұйымдастыру

САБАҚ КЕСТЕСІ

[illegible]

мазмұны сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.

3. Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жана бағыты енгізілсін.
4. Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Доспаеваға жүктелсін.
5. Педагогтерге, ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Доспаеваға жүктелсін.
6. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге жүктелсін.
7. Орталықтың жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысын ұйымдастыру А.Ештаеваға, А.Жанызақовқа жүктелсін.
8. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.
9. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың аудандық, облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссаы.
10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Негізі: Төлеби ауданының білім бөлімінің 16.10.2023 ж күнгі
№228-18/07-04/2119 хаты

Мектеп директоры



М.Дуйсеев



Бекітемін
Мектеп директоры:  М.Дуйсеев

« №8 жалпы білім беретін мектеп » КММ
Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметін
ұйымдастыру үшін мектеп бойынша құрылған жұмыс тобы

№	Жауапты мамандар аты-жөні	Лауазымы
1	М.Дуйсеев	Мектеп директоры
2	Тастанов Н	Оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Доспаева К	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4	Бекзатова М	Педагог-психолог
5	Ералханова А	Әлеуметтік педагог
6	Мынбаева Ж	Кітапханашы
7	Ешгаева А	10-сынып жетекші
8	Сатаева Ф	6-сынып жетекші
9	Қадралиева З	7-сынып жетекші
10	Темирбекова А	4-сынып жетекші

Орындаған:  К.Доспаева

**«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ
АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	жауапты
1-4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ				
1	Отбасы - бақыт бесігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	1.Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі 2.Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі 3.Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері 4.Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-атынас 5.Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері	қазан	Доспаева К Темірбекова А Сынып жетекшілер
2	Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	1.Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы 2.Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау 3.Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері 4.Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде... 5.Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті	қараша	Доспаева К Темірбекова А Бекзатова М Сынып жетекшілер
3	Әрбір бала – жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	1.Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу 2.Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Баланың жақсысы-сүйініш, жаманы-күйініш. 3.Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады? 4.Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті.	желтоқсан	Доспаева К Темірбекова А Ералханова А Сынып жетекшілер
4	Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	1.Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы. 2.Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері. 3.Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар. 4.Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті.	қаңтар	Доспаева К Темірбекова А Сынып жетекшілер
5	Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	1.Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері 2.Интернетті пайдалану режимін сақтау 3.Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады? 4.Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т. б.	ақпан	Доспаева К Темірбекова А Сынып жетекшілер
6	Сенім арту - жетістік кепісі	1.Бала өміріндегі қиындықтар 2.Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қиын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі.Тұрпайы мінез, жат қылық – نادандықтың белгісі. 3.Қиын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау	наурыз	Доспаева К Темірбекова А Сынып жетекшілер

	Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	4.Қиын жағдайда қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары 5.Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену		
7	Өкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер Балаға үлгі көрсету	1.Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы. 2.Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын манымды қасиеттері. 3.Балаға жақсы әдеттерді үйрету. 4.Уәдесін орындау – ата-ананың ең басты қағидасы. 5.Баладан ұялған не көрсетсе, ұшқанда соны іледі.	сәуір	Доспаева К Темірбекова А Сынып жетекшілер
8	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл- ауқаттың негізі ретінде	1.Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым- қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі 2.Тәрбие тәліммен. Тату үйдің тамығы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббиілердің отбасының бірлігіне ықпалы 3.Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер 4.Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру 5.Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы	мамыр	Доспаева К Темірбекова А Сынып жетекшілер
5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ				
1	Баланың бас ұстазы – ата-ана Позитивті тәрбие	1. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету 3. Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту 4. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары 5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық	қазан	Доспаева К Сағаева Ф Сынып жетекшілер
2	Ақыл айтпа, жол көрсет Жасөспірімнің бейімделуі	1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімделуі, оның іс-әрекетін жақсарту жағдайлары. Ұлттық тамақтану мәдениеті - жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі 2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі қиындықтар 3. Өзіндік өзін сығаламасан, өзгеден сый дәмепте. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері 4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту 5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	қараша	Доспаева К Қадралиева З Бекзатова М Сынып жетекшілер
3	Балаға үйрету: ақыланды мейірімге орап бер Бала жүрегіне жол табу	1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары 2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері – олардың өзара түсіністігінің негізі 3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер 4. Бір күндік ұрыстан қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары 5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сақтаудың шарты - кешіре білу	желтоқ- сан	Доспаева К Сағаева Ф Қадралиева З Сынып жетекшілер
4	Бұлақ көрсен, көзін аш.	1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері 2. Еңбегі ойлап табуға үйрету	қаңтар	Доспаева К Еңісбаева А

	тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі	4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері		
2	Көркем мінез – баға жетпес байлық Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі	1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері 2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау) 3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті 5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер	қараша	Доспаева К Ералханова А Ешпаева А Бекзатова М
3	Сен жанбасаң лапылдап... Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?	1. Кәсіп - өзін-өзі жүзеге асырудың негізі 2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті 3. <i>Ұлы жол үйінің табалдырығынан басталады.</i> Балшығызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады 4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар 5. Бойындағы бейімділікті дәл табу - өмірдегі бақыт пен табыстың негізі	желтоқсан	Доспаева К Ералханова А Ешпаева А Бекзатова М
4	Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрлымы Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары	1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.) 2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері 3. <i>Сынықтан өзгенің бәрі жүғады.</i> Тәуелділіктің алдын алу шаралары 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	қаңтар	Доспаева К Ералханова А Ешпаева А Бекзатова М
5	Жақсыдан қашпа, жаманға баспа... Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі	1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі 2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау 3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы 4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары 5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті	ақпан	Доспаева К Ешпаева А Бекзатова М Сатаева Ф
6	Күйзелістен шығар жол Күйзелісті жеңуге көмектесеміз	1. <i>Қоңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.</i> Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады. Стрестен арылу әдістері 2. Эмоцияны бақылау – стрестен, күйзелістен шығудың жолы 3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стрестің басқа да экстремалды көріністері 4. Қателесу - тәжірибе жинауға мүмкіндік береді 5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті	наурыз	Доспаева К Ешпаева А Бекзатова М Абдумаликова А
7	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті	1. Махаббат - отбасындағы эмоционалды тепе-теңдіктің негізі. 2. « <i>Айналайын</i> » ұғамы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету 3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық, Эмоционалды манипуляция. 4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады	сәуір	Доспаева К Ешпаева А Бекзатова М

№8 жалпы білім беретін мектебі

«Бұлақ көрсең, көзін аш»

(Ата-аналар жиналысы)

Сынып жетекшілер: Кадралиева З.
Сатаева Ф.
Абдиева Н.

2023-2024 оқу жылы



№8 жалпы білім беретін мектебі

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жиналысы

7-сынып

Сынып жетекші: Кадралиева З.У.

2023-2024 оқу жылы



№8 жалпы білім беретін мектебі

«Ақыл айтпа, жол көрсет»

(Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша)

Сынып жетекшілер: Кадралиева З.У
Темирбекова А.

2023-2024 оқу жылы



№8 жалпы білім беретін мектебі

«Әр нәрсенің өлшемі бар...»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жиналысы

7-сынып

Сынып жетекші: Кадралиева З.У.

2023-2024 оқу жылы

Отбасының өнегесі – Отан өнегесі.



№8 жалпы білім беретін мектебі

«Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жиналысы

7-сынып

Сынып жетекші: Кадралнева З.У.

2023-2024 оқу жылы



№8 жалпы білім беретін мектебі

«Баланың бас ұстазы – ата-ана»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жиналысы

7-сынып

Сынып жетекші: Кадралнева З.У.

2023-2024 оқу жылы

**Отан – қуат,
Отбасы – шуақ.**



Әр бала бітуі тиіс қауіпсіздік жайлы 9 ереже

Балалар үшін уайымдауды қалай доғаруға болады? Ата-аналарға арналған нұсқаулық.

Бала есейген сайын өз бетінше жүруге құмар болады. Ал ата-аналардың міндеті — баланы өрт кезінде, немесе күмәнді адамдармен кездесу сияқты қауіпті жағдайларда өзін қалай ұстауы керек және не істеуі керек екенін түсіндіріп, үйрету. Балалар психологы және психотерапевті Ольга Пыхова қарапайым ережелерді автоматты түрде жасайтын деңгейге жеткізуді насихаттайды.

1. Баланы қорқытпаңыз

Оған «бір бала орманда жоғалып кетіпті» деген сияқты қорқынышты әңгімелер айтпаңыз. Қорқыныш баланы үрейлендіріп, әрекет етуге шектейді және бәрін бақылауда ұстауға бейімдейді. Бұл әңгімелер оған қауіптің алдын қалай алу керек екенін немесе қиын жағдайда не істеу керек екенін үйрете ме? Әрине, жоқ.

2. Балаға әлем әрқилы екенін айтыңыз

Әлемде зұлымдық та, мейірімділік те бар екенін айтыңыз. Кейбір адамдар екіжүзді болатынын да түсіндіріңіз. Кәмпіт беріп, мейірімді көрінетін аға шын мәнінде зұлым болып шығуы мүмкін. Ал асханада үстіңе компот төгіп алған бала – өмірлік досына айналуы мүмкін. Мұндай әңгімелер кем дегенде балаға барынша қырағы болуға әрі дұрыс ойлауға көмектеседі.

3. Ережелерді жаттауды барынша қызықты етіңіз

Көп жағдайда балалар не істеуге болмайтынын біледі, бірақ оны қалай істемеу керектігін біле бермейді. Қауіпті жағдайға қалған бала абырап қалмас үшін нақты ережелерді білуі керек. Оларды құрастырғанда нақты бір істерге екпін қойыңыз.

10 жастан үлкен балаларға қауіпті жағдайларды тудырып, кейін соны талқылауға болады. Жалпы кез келген жастағы балалар қауіпсіздік шаралары мен ережелері жайлы мультфильмдерді көргенді ұнатады.

4. Нақты жағдайларды талдаңыз

Егер өрт болса

Не жағдай болмасын, шығатын жер табу. Кез келген ғимаратқа кіргенде баланың назарын эвакуация жоспары қайда ілініп тұрғанына аудартыңыз, карта бойынша жөн табуды үйретіңіз. Сұға малынған мата (орамал, жең, бет орамал) түтінге ұланып қалмай, демалуға мүмкіндік береді. Түтіндеу кезінде жүресінен отырып жүру немесе еденде жорғалап жүру керек, себебі төмен жақта түтін азырақ. Өрт кезінде киім-заттарды тастап, тек баспалдақпен түсу қажет. Бәрінен өмір қымбат!

Баланы бөгде адам алып кетпекші

Бөгде адам баланы алдап алып кететін көптеген роликтер ата-аналарды қатты қорқытады. Ал балаларға бәрі қызық. Баланың бір жаққа бармас бұрын міндетті түрде сізге ескертуі керек екенін үйретіңіз. Өзіңіз де мұқият болыңыз. Баланың қауіпсіздігіне, әсіресе мектепке дейінгі балалардың қауіпсіздігіне сіз жауап бересіз. Егер балаңызды біреу алып кетпек болса, жанына жақындап, мәселенің анық-қанығын анықтаңыз.

Бала қажет кезде «жоқ» деп айтуға дағдыланса тіпті жақсы. Бөгде адамдардың қандай әрекеттері (мысалы, халық көп жиналған жерден кетуді сұрауы, көндірмек болуы) күмән тудыруы керек екенін айтыңыз. Жетілен асқан балаларға кілтеөз айтуды үйретіңіз, егер кездесу орны өзгерсе хабарласуды үйретіңіз.

Бала лифте тұрып қалса

Апат кезінде диспетчерге қалай хабарласу керектігін айтыңыз. Ойнап хабарласуға болмайтынын түсіндіріңіз, себебі шынымен апат болғанда диспетчер көмекке асықпауы мүмкін. Егер көмек қолы кешігіп жатса, сыртқы киімді шешу қажет, лифт кабинасында ыстықтап, ауа жетіспей кетуі мүмкін. Киімді жерге төсеп, отыруға да болады, сіз бұл үшін ұрыспайтыныңызды айтыңыз. Осылайша бала көмек күтіп отырып күшін сарпымайды және лифт қозғала бастаса қауіпсіздікте болады.

Абайлаңыз! – иттер!